

З.ЖАНДАРБЕК

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ
КЕЗЕҢДЕРІ

*Автор в статье делает научный анализ на этапы
формирования казахской родословной*

*Yazar Kazak secenlerinin doğma ve oluşma
devirlerini ilmi açıdan tahlil eder.*

Қазақ шежіресі қазақ тарихи жадының өзегі десек артық айтқандық емес. Алайда, сол қазақ шежіресі қазақ тарих ғылымында әлі күнге өз орнын ала алмай келеді. Өйткені, шежіре өз дәуірінде қандай қызмет атқарды, несімен құнды болды, халық санасынан әлі күнге өшпей келе жатуының себебі неде деген сұрақтарға қазіргі тарих ғылымының жауап беруге қауқары жоқ. Қазақ шежіресі осы күнге дейін қанша зерттелсе де өзінің ішкі мәнін ашпай келеді. Оның себебі, зерттеушілердің шежірені бір ғана тұрғыдан – этникалық үдерістер тұрғысынан қарастыруы, сол бойынша байлам жасауы болып табылады. Ал, шежіре тек этникалық үдерістермен ғана байланысты емес, қоғамдағы барлық үдерістермен тығыз байланыста қалыптасқандығын, атап айтқанда: діни, саяси үдерістер шежірелердің түзілуіне ықпал еткен факторлар болғандығы ескеріле бермейді. Оның үстіне шежірелердің бірін-бірі қайталамай, әртүрлі болып келуінің өзі зерттеушілерді адастырары немесе зерттеушінің шежірені тарихи құжат екендігіне күмәнмен қарауына ықпал етері анық. Алайда, шежірелердің әртүрлі болып келуі астарында қазақ (түрік) халықтарының басынан өткерген тарихи кезеңдердің сырлары жатқандығын қазақы дүниетанымнан хабарсыз, танымы евроцентристік көзқараста қалыптасып, тарихқа материалистік тұрғыдан баға беретін тарихшы қазақ шежіресінің ішкі мәні мен мазмұнын танып-білуі қиын немесе мүмкін емес.

Қазақ шежіресінің пайда болуы қазақ халқының қоғамдық құрлысымен, мемлекеттік жүйесімен тікелей байланысты және сол шежіре түзілген дәуірдегі қоғамның құрылымдық жүйесінің сызба түріндегі бейнесі, әрі негізгі реттеуші басты құжаты болды.

Қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің қашан түзілгендігі туралы бізде нақты дерек жоқ. Бір шежіре Өзбек ханнан басталса, екінші шежіре Алаша ханнан бастау алады. Үшінші шежіре Өзбек ұлысының ханы Әбілхайыр ханнан басталады. Ал төртінші шежіре әріге кетіп, Мұхаммед Пайғамбардың сахабасы Аннас сахабадан бастау алады. Алайда, сол шежірелердің ішкі мазмұны сырттай қарағанда бірдей болып көрінеді. Сонда қайсысы дұрыс? Бұл шежірелерді бір-бірінен ажыратып тұрған не нәрсе? Бұл да әлі қазақ шежірелерінің ашылмаған құпиясының бірі.

Қазақ шежіресінде күдік тудырып жүрген тағы бір мәселе – ол Ата Қазақтан қазіргі біздің замандасымызға дейін ары кетсе 22 ата немесе 11-13

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

атамен шектеліп жатады. Мұны жылға шағар болсақ, 600-360 жыл шамасында. Сонда, оған дейін қазақ қайда болды? Қайсы халықтан бөлінді? Әлде жер бетіне шежіреде көрсетілген кезеңде түсті ме? Неге бұлай? Бұл сұрақтар жауап беруді талап етеді. Бұл сұрақтарға жауап берілмейтін болса, онда біз шежірені ешқашан таныдық деп айта алмаймыз. Сондықтан, қазақ шежіресін тану жолындағы ізденісімізді біз бұрынғы зерттеушілер жүрген жолмен емес, басқа бағытта жүргізгенді дұрыс санаймыз. Ол қазақ халқының басынан өткерген діни, рухани үдерістер тарихы мен олардың қазақ шежіресімен байланысын анықтау бағытындағы ізденістерге ден қоямыз. Әрине, осы күнге дейін қазақ шежіресін зерттеп жүрген зерттеушілердің қазіргі қазақ халқы құрамындағы ру, тайпаларды көне дәуірдегі ру, тайпалармен байланыстырып, солардың тікелей ұрпақтары екендігін дәлелдегісі келетін ойлары да бар. Алайда, бұл тұжырыммен толық келісе қою қиын. Қазіргі рулар мен көне дәуірдегі рулардың арасындағы генетикалық байланысты толығымен жоққа шығаруға болмас, дегенмен солардың тікелей ұрпағы еді дегенді айту артық болары сөзсіз. Өйткені, араб, парсы жазбаларында аталатын түркілердің көптеген ру, тайпа аттары қазіргі қазақ немесе өзге түркі тайпалары арасынан кездестіре алмаймыз. Мысалы, X-XI ғғ. араб деректеріндегі оғыздар құрамындағы 24 ру, тайпаның қайсысы қазақ халқы құрамында бар? Жоқ немесе ірі рулық, тайпалық құрылымдар ішінде кішкентай аталарды ғана құрайды. Ал кейбір ру, тайпалардың аты сол кезеңнен бері әлі күнге өшпей сақталып келеді. Бірақ, сол атауды сақтап келе жатқан руларды сол көне дәуірдегі халықтың тікелей ұрпақтары, ізбасарлары деп атау қиын. Оның есесіне қазіргі қазақ халқының негізін құрап отырған ірі тайпалардың атаулары негізінен Шыңғыс ханмен бірге келген ру, тайпа атаулары екендігін де естен шығармауымыз керек. Бұл жерде тағы да «Сонда қалай, біз мына қазіргі қазақ жеріне Шыңғыс ханмен бірге келгенбіз бе?», - деген заңды сұрақ туады. Олай болса, осы күнгі «Қазақ автохтонды халық емес» [1], - деп жалаулатып жүрген кейбір тарихшылардың айтқандарының дұрыс екендігін мойындаудан басқа шара қалмайды. Сол себепті, қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің түзілу заңдылықтарын түсініп алмайынша, дәстүрлі қазақ қоғамындағы шежіренің де, ру, тайпалардың да халқымыз тарихындағы орнын анықтай алмаймыз. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін халқымыз VIII-XII ғасырлар аралығында басынан өткерген тарихи оқиғаларға талдау жасаудан бастағанымыз дұрыс. Сонда ғана біз қазақ шежірелерінің Шыңғыс ханнан кейін бастау алу себептерін түсінеміз.

Түркілер ислам дінін VIII ғасырдың екінші жартысында қабылдады. Алғаш рет осы кезеңде түркі –ислам мемлекеттері тарих сахнасына шықты*.

* Бұл мәселе біздің тарапымыздан жазылған «Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы» атты ғылыми монографияда жазылған болатын.

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

Ол Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттері еді. Бұл мемлекеттердің дүниеге келуімен ислам діні түркі халықтарының дәстүрлі қоғамына өз ықпалын біртіндеп тигізе бастады. 951 жылы Сатуқ Бұға хан Абд ал-Каримның ислам дінінің дәстүрлі бағытын қабылдауы түркілерді ислам әлемінің құрамдас бөлігіне айналдырды [2, 41]. Түркілер өзінің тілі мен дәстүрлі мәдениетінен ажырай бастады. Дәстүрлі түркі қоғамының ішкі қатынастарын реттейтін жүйенің өзгертіліп, шариғат үкімдерімен алмастырылуы түркілік әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қолданыстан шығуына әкелді. Көнеден келе жатқан экзогамдық (сыртқы) некелік қатынас өзгертіліп, оның орнын эндогамдық (ішкі) некелік қатынас басты. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастардың түркі қоғамына енуі дәстүрлі түркі қоғамындағы рулық, тайпалық жүйелердің ыдырауына әкелді [3, 18-19]. Бұл өз кезегінде түркі мемлекетінің құрылымдық жүйесінің күйреуіне, ыдырауына ықпалын тигізді. Өйткені, рулық, тайпалық жүйелер түркі мемлекеттігінің іргетасы болатын. Біртіндеп түркілерде мемлекетті басқарудың парсылық жүйесі қалыптасып, абсолютті билік жүйесі орнады [4, 369]. Кезінде арабтың тарихшылары мен географтары жазып қалдырған ру, тайпа аттарының халық санасынан өшуіне әкелді. Халық өзінің тегін білмейтін дәрежеге жетті. Ислам дінін қабылдаған түркілер XI-XII ғғ. қарсаңында өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен толық немесе жартылай ажырап, парсылану үдерісін басынан кешіріп жатқан болатын. Осы түркі халқының тағдыры қыл үстінде тұрған шақта Қожа Ахмет Йасауи сынды ұлы тұлғаның тарих сахнасына шығып, ислам дінінің түркілер арасында өмір сүру формасын жасауы, араб, парсының мәдениетін қабылдамай-ақ мұсылман болу мүмкін екендігін түркі баласына дәлелдеп берді. Дін тілінің түркі тілінде сөйлеуі ғылым, білім, мәдениет, әдебиет тілінің түркіленуіне әкелді. Мемлекет тілі де түркі тілінде сөйлей бастады. Түркі қоғамынан аластатылған сыртқы неке қайта қалыптастырылды. Рулық тайпалық жүйелер біртіндеп қайтадан қалпына келтіріле бастады. Сол кезеңдегі Қарахандық билеушілердің өзі Қожа Ахмет Йасауи жолының дұрыстығын мойындап, түркі мәдениетіне қайта бұрылды. Түркілердің өзінің дәстүрлі мәдениетіне оралуы ислам орталықтарында үлкен қарсылыққа тап болды [3,26-48]. Алғашында Йасауиді ілім жолымен тоқтатпақ болған әрекеттен нәтиже шықпаған соң, Хорезмшах Мұхаммед түркілерді күшпен қайтадан парсы мәдениетіне мойынұсындыру жолын ойластырды. Біз сендерді қарақытайлықтар езгісінен құтқарамыз деген сылтаумен, Қарахандық мемлекеттер территориясына әскерін кіргізді. Түркілер үшін Хорезмшах езгісі қарақытайлықтардан асып түсті. 1210 жылы Отырардың билеушісі Білге хан ибн Хасан ибн Абд ал-Халық хан Хорезмшах Мұхаммедке қарсы көтеріліске шықты. Күрес Отырар ханының жеңілісімен аяқталды. Білге хан тұтқындалып, Нисаға жер аударылып, сол жақта өлтірілді. Отырарға билеуші етіп Қайыр ханды тағайындады [5]. Түркілер бұл бұғаудан шығудың жолын қарастыра бастады. 1216 жылы Құлжа өлкесінде

(қазіргі Алматы облысының территориясы) кішкентай иелікті дүниеге келтірді. Бұл мемлекет түркі тарихындағы ислам дінінің түркілерде өмір сүру формасы - Йасауи жолын ұстанған алғашқы түркі-ислам мемлекеті болып қалыптасты. Бұл кішкентай иелік билеушісі Тоғрыл хан әйелі мен ұлы Сұғнақ тегінді, Майқы би бастаған билерді Шыңғыс ханға жіберіп, өзінің оған мойынұсынатынын жеткізіп, оны хан көтерді [2, 433]. Түркі мемлекеттігі мен түркі мәдениетінің қайта жандануының басы осы кезден басталды. Шыңғыс ханның Түркістан жеріне келуінің астарында оның тек соғысқұмарлығы емес, сонымен бірге, түркілердің Хорезмшахқа, жалпы парсы мәдениетіне мойынұсынудан бас тартуы, рухани тәуелсіздікке деген ұмтылысы жатты. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін Түркі даласында Жошы ұлысы атты мемлекеттің пайда болуы бұл түркі мемлекеттігінің шын мәніндегі қайта жандануы болатын. Бұл тарих оқырманға түсініктірек болу үшін Жошы ұлысы тарихына кеңірек тоқталып, ондағы діни, саяси үдерістерге талдау жасап, олардың Жошы ұлысы құрамындағы түркілердегі этникалық үдерістерге қаншалықты ықпалы болғандығына тоқталайық.

Шыңғыс хан Евразия кеңістігін жаулап алғаннан кейін өзі мойынұсындырған жерлерді Бөртеден туылған төрт ұлына бөліп берді. Қазіргі Қазақстан территориясы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының иелігіне тиді [2, 59-60]. 1236-1242 жылдар аралығында Жошының ұлы Бату ханның Батысқа жорығы кезінде Жошы ұлысының территориясы Дунай өзеніне дейінгі аралыққа кеңейтілді. Жошы ұлысының билеушілеріне тірек болған негізгі халқы түркілер болғанымен олардың арасында рухани, мәдени тұтастық жоқ еді. Олардың бір бөлігі Жошымен моңғол жерінен келген әлі ислам дінін мойындай қоймаған, көне тәңірлік дінде болса, екінші бөлігі христиан дінінің неосторияндық бағытын ұстанатын, үшінші бөлігі будда дініне мойын ұсынса, Орталық Азия түркілері ислам дінінде, оның ішінде Йасауи жолындағылар да, кубравийа тариқатындағылар да, толығымен парсы мәдениетін мойындаған түркілер де бар еді. Ал, 1236-1242 жылдар арасындағы Бату ханның Батыс жорығынан кейін мемлекеттің ішкі рухани ахуалды мүлде күрделендіріп жіберді. Бұрынғы діндер қатарына енді христиан дінінің православие және католик тармақтары қосылды. Бату хан Батыс жорығынан кейін Жошы ұлысын аймақтарға бөліп, оларды басқаруды өзінің 14 туысқанына басқаруға берді [6, 312-313]. Ол аймақтарды билеп отырған Жошы ұрпақтары біртіндеп өздері билік жүргізіп отырған халықтың діни, мәдени ерекшеліктеріне икемделе бастады. Мысалы, Бату ханның інісі Берке ислам дінін, оның ішінде кубравийа тариқатын қабылдаса, Батудың ұлы Сартақ христиан дінін қабылдады. Бұл мемлекеттің іштей діни-мәдени ерекшеліктеріне қарай жіктелу ықтималдығы бар екенін көрсетіп берді. Осы діни таным негізінде алғашқы қақтығыс осы екі тұлғаның арасында болды. Оқиға былай болған еді. Бату хан өзі қартайған шағында өз орнына ұлы Сартақты отырғызуды ойлап, оны Ұлы хан Мөңкеге аттандырып, одан

3. Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

Жошы ұлысын билеу құқын беретін жарлық алып келуге жібереді. Мөңке хан Сартақты жылы қабылдап, Жошы ұлысының тағы мен әскеріне, қол астындағы елдеріне билік жүргізетін жарлық шығарады. Бірақ Бату хан Сартақ келмей тұрып, қайтыс болады да, хан тағына Берке отырып алады. Сапардан оралған Сартақ бұл хабарды есіткен соң, Беркеге бармай басқа жаққа бұрылып кетеді. Берке хан оған кісі жіберіп: «Мен сенің әкеңнің тағына отырдым. Сен болсаң жат адам секілді қайрылмай кеттің», - дейді. Сонда Сартақ: «Сен мұсылмансың, мен христианмын. Мен үшін мұсылманның жүзін көрудің өзі бақытсыздық», - деп жауап береді. Мұны естіген Берке хан оңаша жерге барып, «Мұхаммед (а.с.) дінің хақ екені пын болса, онда менің дұрыстығымды дәлелде», - деп жаратушыға жалынады. Үш күннен соң сол жерге Сартақ келіп, асқазаны ауырып, қайтыс болады. Одан кейін Берке хан өзіне қарсы келген Сартақтың анасы мен оның жақтастарын жазалайды [7, 19]. Ислам дінін, оның ішінде кубравийа тариқатын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Жошы ұлысының әр аймағына кубравийа тариқаты өкілдерін жіберіп, бұл сопылық жолды жалпы халықтық сенімге айналдыруға күш салды. Алайда, түркілердің көпшілігі кубравийа тариқатын қолдай қойған жоқ. Өйткені, бұл тариқат парсы мәдениетіне негізделген болатын [2, 58-59]. 1266 жылы Берке хан өлеген соң оның орнына отырған Менгу Темір бұл жолдан бірден бас тартты. Ол моңғолдардың көне дінін қалпына келтірді. Бірақ, Менгу Темір де, одан кейінгі хандар да ислам дінінен толық бас тарта алған жоқ. Өйткені, Жошы ұлысының негізгі одақтасы болған Мысыр мемлекеті мен жергілікті ислам дінін қабылдаған халықтың ықпалы күшті болатын. Оның үстіне хан сарайындағы бүкіл құжаттардың дені мұсылман қызметкерлердің қолымен дайындалатын. Мұның өзі хандардың біртіндеп, ислам дінін қабылдауына әкелді. Мысалы, Тоқты хан атынан шығарылған теңгелерде оның атына «Амир ал-муминин» деген атақтың қосылғанын көреміз [3, 60-64].

Өзбек ханнан басталатын шежіре. Жошы ұлысында түбегейлі өзгеріс жасап, ислам дінін, оның ішінде Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерген Өзбек хан болды. 1312 жылы Тоқты хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек хан Жошы ұлысының тағына отырды. Ол ұзақ жылдар бойы Йасауи жолы өкілдерінің қолында тәрбиеленіп, солардың көмегімен Жошы ұлысының тағына отырды. Өзбек ханды таққа отырғызуда Хорезм әмірі Темір Құтлық пен оның туыстары Сарай Темір мен Мұхаммед қожа, Исабек, Алатай атты әмірлер белсенді әрекет жасады. Ол таққа отыра салысымен ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялаған жоқ. Мемлекеттік билікті толық қолына алып, қарсыластарын бас көтерместей еткен соң ғана 1320 жылы ислам дінін, оның ішінде Қожа Ахмет Йасауи негізін салған сопылық жолды мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Бұл оқиға Өтеміс қажының «Шыңғыс-нама», Ұлықбектің «Төрт ұлыс тарихы», Қадырғали Жалайридің «Жылнамалар жинағында» баяндалады. Оның

үстіне қазақта «Ислам Өзбектен қалған» деген қария сөз бар. Өзбек хан Иасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріп қойған жоқ. Сонымен бірге, осы мемлекеттік идеология негізінде мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертіп, қайта құрды. Бұрын қандық, туыстық бірлікке негізделген рулық, тайпалық жүйелер ыдыратылып, олардың орнын рухани бірлік принципіне негізделіп, қайта топтастырылған рулық, тайпалық жүйелер басты. Қандық бірлік жеті ата деңгейінде қалдырылып, одан жоғарғы аталардың барлығы рухани бірлік негізінде топтастырылды. Осылай Жошы ұлысы құрамына кіретін барлық ру, тайпалар араластырылып жіберілді. Мысалы, керей Орта жүздің белді тайпасы, қаракерей найман тайпасы ішіндегі белді ру, Кіші жүзде керейт деген атаумен Жетіру бірлестігі құрамында жүр. Сол сияқты киікші Орта жүзде найман тайпасы құрамында, қоңырат тайпасы құрамында, Кіші жүзде Адай тайпасының құрамында бар. Мұндай қазақ руларының үш жүздің құрамында араласа келуі сол Өзбек хан жүргізген діни идеологиялық саясаттың нәтижесі болатын. Сол себепті, қазақ халқында «Еншісі бөлінбеген қазақ», «Қасындағы әйелінді сұраса келсең, қарын бөле шығасды», деген аталы сөздер бар. Бұл араласулар қазақ ру, тайпаларын қамтып қоймайды, өзге түркі халықтары арасынан да кездестіруімізге болады. Татар, башқұрт, ноғай, тіпті орыстар ішінде қазақ руларының аттарын кездестіреміз. Мысалы, Орта жүз қыпшақ тайпасы құрамында «тоқсоба» деген ата бар. Осы тоқсоба атауын Кіші жүз құрамынан да кездестіреміз. Сонымен бірге, «тоқсобалардың» орыстар арасына «тоқсобичтер» деген атаумен сіңгенін көруге болады. Мұндай арасулар қазақ арасында көптеп кездеседі. Бұл Өзбек ханның діни-идеологиялық саясаты мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесін қайта құрғанының нақты дәлелі. Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрлысын зерттеген Г.Федоров-Давыдов Өзбек хан тұсында Жошы ұлысын исламдандыру мен рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастыру үдерісі қатар жүргендігін айтады. Ол сол кезеңдегі Жошы ұлысында болған қайта құруларды былайша тұжырымдайды: «Қыпшақ даласындағы көшпенділерге қатысты ескерткіштерді саралай отырып, мынадай екі жақты, қарама-қарсы екі ағымның қатар жүргенін байқадық: бір жағынан ескі рулық, тайпалық қатынастардың бұзылуы, олардың қасақана жойылуы, бұрынғы ру, тайпа басшыларының ықпалын жою; екінші жағынан, негізінде моңғол шапқыншылығына дейін ғасырлар бойына қалыптасқан, олардың этникалық бірлігіне негізделген бұрынғы рулық, тайпалық құрылымдардан да мықты құрылымдар пайда болды. Осы қарама-қарсы екі қозғалыстың синтезін, басқаша айтқанда, Алтын Орда көшпенділерінің даму баспалдағын айқын көрсетіп берді» [8, 62-63]. Бұл жерде зерттеуші Жошы ұлысында болған қайта құруларды дөп басып айтып отыр. Қазіргі қазақ халқын құрап отырған рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдар осы Өзбек ханның діни-идеологиялық саясаты негізінде мемлекеттік жүйені реформалаудың

3. Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

нәтижесінде дүниеге келді. Өзбек хан өзінің саяси реформасын жүргізгенде бұрынғы рулық, тайпалық жүйелерді ыдыратып, олардың орнына жаңа рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастырды. Реформаға дейін әр ру, тайпаны сол ру, тайпаның өз ішінен шыққан беделді тұлға басқаратын. Енді бұл реформаның нәтижесінде әрбір ру, тайпаның басына Йасауи жолы өкілдері әрі рухани басшы, әрі саяси басшы ретінде тағайындалды. Қазіргі күні бізге жеткен шежірелердегі әр ру, әр тайпа басында тұрған «қожа», «сопы» атаулардың пайда болуы осыған байланысты. Осы реформа нәтижесінде бұрынғы ру, тайпа басшылары ғана емес, Шыңғыс хан әулеті өкілдері де саяси билік жүйесінен ығыстырылды. Қарсы шыққандары өлтірілді немесе жер аударылды. Тек Орда Ежен ұрпақтары мен Шибан ұрпақтары ғана қалдырылып, олар Алтын Орда ханына тікелей бағынатын болды [3, 64-75].

Жүздік құрылымдар осы кезеңде алғаш рет тарих сахнасына шығып, рулық, тайпалық жүйелерді біріктірген мемлекеттік құрылымдық жүйе ретінде қалыптасты. Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрылысын зерттеген Г.А. Федеров-Давыдов қазақ жүздерінің қалыптасуы Алтын Орда мемлекетінің басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты қалыптасқандығын айтып, ойын былайша тұжырымдайды: «Қазақ жүздері XII-XIII ғасырларда өмір сүрген көшпелі халықтың тайпалық-патриархалдық жүйесінің бөлшегі емес. Бұл бірлестіктер бұрынғы рулық, тайпалық жүйенің сарқыншақтарын сақтап қалғанымен, жаңадан құрылып, көшпелі ұлыс ретінде біріктірілген бір немесе бірнеше ханның иелігіндегі бірлестік [8, 62-63]. Демек, жүздік құрылымдардың алғаш қалыптасуы ретінде біз осы кезеңді айта аламыз. Өзбек ханның осы реформасы бізге дейін жетіп келген Өзбек ханнан бастау алатын шежіреде толық көрініс тапты. Шежіре тізбегінде аттары аталған кісілердің аңыздық кейіпкер емес, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар екендігін ескертуіміз керек. Олардың көпшілігінің тарихи тұлғалар екендігіне қолымызда жинақталған деректер дәлел бола алады. Енді соларға кезегімен тоқталып өтелік.

Біз бұл жерде алдымен қазақ халқының үш жүзге бөліну себебіне тоқталып өткеніміз абзал. Өзбек ханнан басталған шежіреде үш жүздің мемлекеттің құрылымдық жүйесі ретінде шежіреге енгенін, әр жүздің басында сол жүздің атасы ретінде тұрған «арыс» немесе «шора» атанған тұлғаларды көреміз. «Шора» сөзі Батыс түркілерінде «чор» деген нұсқада кездеседі және бес тайпа бірлестігінің басшылары осылай аталғанын көреміз. Ал, Талас жазуында кездесетін Қара-чор атты кісі хан әулетінен шыққан ханзадалардың рухани тәрбиесімен айналысатын түркі-манихей дінінің өкілі, сонымен бірге, «чорлар» түркі мемлекеттік жүйесінде жоғарғы лауазым иесі болған [9, 33-34]. Ал, «шора» сөзінің қазақ тіліндегі тағы мағынасы «құл» дегенді білдіреді. Ал, сопылық жолда «құл» болу, «топырақ болу» сопылық дәрежеге, Жаратушыны табу жолындағы рухани сатыларға

жатады. Демек, жүздер басында тұрған «арыс» немесе «шоралар» рухани сала өкілдері, басқаша айтқанда, сол жүздік құрылымдардың жетекшілері дегенді білдіреді. Неліктен үш жүзге бөлінді, не себепті Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атанды? Бұл сұрақтарға жауапты сол кезеңдегі Жошы ұлысындағы діни-идеологиялық үдерістермен бірлікте қарастырғанда ғана жауап бере аламыз.

Йасауи жолы негізінен үш тармақтан тұрады. Ол үш тармақ Түркістан жеріне ислам дінін әкелген үш тарихи тұлғаға барып тіреледі. Біріншісі, Исхақ баб – («Насаб-нама» деректері бойынша) шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы, Түркістан жеріне ислам аша келген тұлғалардың бірі. Ал, Ибн ан-Надимнің «ал-Фихрист» атты шығармасындағы дерекке қарағанда Али ибн Абу Талибтің ұлы Хусейн әулетінен тараған, 742 жылы Хорасанда дарға тартылған Йахйя ибн Зайдтың ұлы, әкесі тұтқындалған кезде түркілер арасына келіп паналаған. Сол себепті, арабтар оны Исхақ ат-Түрік деп атайды [10, 115] (Ибн ан-Надим). Қожа Ахмет Йасауи осы Исхақ бабтың 13-ұрпағы. Йасауи жолының бір тармағын осы Исхақ баб атымен байланысты қожа әулеттері құрайды. Бұларға кезінде Исхақ баб әулетінен өзге Али ибн Абу Талибтің басқа ұрпақтарының келіп қосылғанын көруге болады. Сол себепті, бұл қожалар әулеті «Саййид» әулеті деп аталады [11]. Өзбек ханның саяси реформасы кезінде бұл әулет Ұлы жүзге (пір болу) және хан әулетіне пір болу қызметі тиді. Қазақ шежіресінде «Ақарыс» деп аталған тұлға Йасауи жолының шежірелерінде осы Исхақ бабтан бастайтын қожалар әулетінің өкілі.

Йасауи жолының екінші тармағы өз шежірелерін Абд ар-Рахим бабтан бастайды. Абд ар-Рахим баб - шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның төртінші ұрпағы. Исхақ бабтың әкесі Абд ар-Рахман бабтың інісі. Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. Қазіргі Қазақстан тарихындағы 766 жылы Қарлұқ хандығының негізін қалаған тұлға. Атақты Қарахандық билеушілер осы Абд ар-Рахим бабтан тараған әулет болып табылады. Осы әулеттен шыққан Отырардың соңғы ханы Білге хан 1210 жылы Хорезмшах Мұхаммед сұлтан тарапынан өлтірілді. Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін бұл әулет өкілдері рухани салаға ауысып, Йасауи жолының бір тармағын құрап, Қарахандық қожалар деп аталды. Орта жүзге пір болған Жанарыс - осы әулет өкілі [3, 110].

Йасауи жолының үшінші тармағы өз шежірелерін Абд ал-Жалил бабтан бастайды. Абд ал-Жалил баб - Хорасан Ата - шежіре бойынша Абд ал-Жалил баб та Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы болып табылады. Исхақ бабтың інісі. Бұл да ағаларымен бірге Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. «Насаб-нама» деректеріне қарағанда Сырдарияның орта және төменгі ағысында VIII ғ. екінші жартысында дүниеге келген Оғыз мемлекетінің негізін қалаушы осы Абд ал-Жалил баб-Хорасан Ата. Қазақ

З.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

арасындағы қожалардың бір әулеті осы Хорасан қожалар. Кіші жүзге пір болған Бекарыс осы Хорасан қожалар әулетінің өкілі [3, 110].

Өзбек ханның діни-саяси реформасы кезінде Йасауи жолының осы аталған үш тармағының жетекшілері үш жүзге пір болды. Ортағасырларда ру, тайпа бірлестіктері жүз деп аталған. Ал, олардан дәрежесі төмендер тайпаға, олардан дәрежесі төмендер руға, одан төмендер Ата мен ауылдарға пір болды. Осылай Жошы ұлысындағы түркілердің рухани бірлігі қалыптастырылды. Жүзге, ру, тайпаларға пір болған тұлғалардың барлығы дерлік Өзбек ханнан басталған шежірелерде аттары жүр. Қазіргі күні сол тұлғалардың тарихта болғандығы дәлелденіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Масанов М. История Казахстана: народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н. и другие. Алматы: "Дайк-Пресс", 2001. с.58.
2. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II-1. –Москва: Изд. Вост. Лит-ры, 1963. с. 41.
3. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. –Алматы: «Ел-шежіре», 2006. 18-19 бб.
4. Бартольд В.В. Сочинения. Т.І. –Москва: «Изд. Вост. Лит. 1963. с. 369.
5. Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
6. Сапарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизации. – Москва: «Иман», 1996. сс. 312-313.
7. СМИЗО, 1941. с. 19.
8. Федоров-Давыдов Г. Общественный строй Золотой Орды. –Москва: Изд. МГУ, 1973. с. 62-63.
9. Торланбаева К. Титулы древних тюрков // ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. НИЦ «Ғылым», 2002. с. 33-34.
10. Ибн ан-Надим. Ал-Фихрист // Ясауи тағылымы. –Түркістан: «Мұра», 1996. 115 б.
11. Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. 131. б.

REZUME

Z.ZHANDARBEK (Turkistan) STAGES OF FORMATION OF THE KAZAKH ANCESTRY

Author of the article makes a scientific analysis of the stages of formation of the Kazakh ancestry